

МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯДАҒЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІС



ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГТАР АДАМЗАТТЫҢ ТАРИХИ ӨТКЕНІН ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНІН ЖАҚСЫРАҚ ТҮСІНУ ҮШІН КӨПТЕГЕН ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНАДЫ. ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ДЕП АТАЛАТЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІС (COMPARATIVE METHOD, CROSS-CULTURAL METHOD), ТАРИХИ ҚАЛДЫҚТАР ӘДІСІ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ, ТАРИХИ-ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ, ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ЖӘНЕ Т.Б. БАР. ОЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ОЛАР ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫСТАРДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕНІ, ДАМУДЫҢ ОРТАҚ ФАЗАЛАРЫН, ӘМБЕБАП ЗАҢДЫЛЫҚТАР МЕН АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДАР ДИНАМИКАСЫНЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН БЕЛГІЛЕЙДІ.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ
ДҮНИЕ ЖҮЗІН КӨП АРАЛАҒАН,
ХАЛЫҚТАРДЫ БІР-БІРІМЕН САЛЫСТЫРУ
МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ БОЛҒАН ЕЖЕЛГІ
ТАРИХШЫЛАР МЕН ФИЛОСОФТАР ДА
ЕРЕКШЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТҚАН.
КЕЙІНІРЕК САЯХАТ ЖАЗБАЛАРЫ,
ЕСТЕЛІКТЕР МЕН КҮНДЕЛІКТЕР ҒЫЛЫМ
ҮШІН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ
ҚЫЗМЕТІН АТҚАРДЫ. САЯХАТ –
САЯХАТШЫНЫҢ (КУӘГЕРДІҢ)
ОҚЫРМАНҒА БЕЙТАНЫС НЕМЕСЕ АЗ
ТАНЫС ЕЛДЕР, ЖЕРЛЕР, ХАЛЫҚТАР
ТУРАЛЫ НАҚТЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ
ЖАЗБАЛАР, КҮНДЕЛІКТЕР
(ЖУРНАЛДАР), ЭССЕЛЕР, ЕСТЕЛІКТЕР
ТҮРІНДЕ СУРЕТТЕУІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН
ЕРЕКШЕ ЖАНР.




- САЛЫСТЫРМАЛЫ – ТАРИХИ ӘДІС (НЕМЕСЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ, МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ, КОМПАРАТИВТИ ӘДІС) – САЛЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ МЕН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ЖӘНЕ ОСЫ ҰҚСАСТЫҚТАР МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІН АНЫҚТАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ. ОЛ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДА, МӘДЕНИЕТТАНУДА, ӘЛЕУМЕТТАНУДА, ЭТНОГРАФИЯДА КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛАДЫ. САЛЫСТЫРМАЛЫ–ТАРИХИ ӘДІС – АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУДЫҢ, ДҮНИЕ ЖҮЗІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІН ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ; ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ДАМУЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ; МАТЕРИАЛДЫҚ, РУХАНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-НОРМАТИВТІК МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ЖЕКЕ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІН, ТАРАЛУЫН ЖӘНЕ ТИПОЛОГИЯСЫН, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІН, ШЫҒУ ТЕГІН, ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ЖӘНЕ ОСЫНДАЙ АЙМАҚТАРДЫ ҚҰРАЙТЫН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІН ЗЕРТТЕУ.




- САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ӘСІРЕСЕ 16 ҒАСЫРДАН БАСТАП АРТТЫ. (ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛУЛАР, Т.Б.). САЛЫСТЫРМАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР НЕГІЗІНДЕ АДАМЗАТ БІРЛІГІ ИДЕЯСЫ, АДАМДАРДЫҢ ОРТАҚ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ ОЙ АЛҒА ШЫҒАДЫ. САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА - 19 ҒАСЫРДА ДАМЫҒАН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ТІЛ БІЛІМІ, САЛЫСТЫРМАЛЫ МИФОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДІНДЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ ҮЛКЕН ӘСЕР ЕТТІ. САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІС ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН ТАРИХИ ЗЕРТТЕУГЕ АЛҒАШ БЕТ БҰРҒАН ЭВОЛЮЦИОНИСТЕР – Л. МОРГАН, Э. ТАЙЛОР, ДЖ. МАКЛЕННАН, Д. ФРЭЗЕР, Т.Б. ЕҢБЕКТЕРІНДЕ БАСТЫ ОРЫН АЛДЫ.


ЛЬЮИС ГЕНРИ МОРГАН (1818-1881)




ЭДВАРД БЁРНЕТТ ТАЙЛОР (1832-1917)



ДЖОН ФЕРГУСОН МАК-ЛЕННАН (1827-1881)



ДЖЕЙМС ДЖОРДЖ ФРЭЗЕР (1854-1941)





- САЛЫСТЫРМАЛЫ – ТАРИХИ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ - БІР МЕЗГІЛДЕ ӨМІР СҮРЕТІН НЕМЕСЕ БІРІЗДІ ПАЙДА БОЛҒАН МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАР МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫ ТАЛДАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰЛ РЕТТЕ ҒАЛЫМ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚАЙТАЛАНАТЫН БЕЛГІЛЕРДІ БӨЛІП КӨРСЕТЕДІ ДЕ ҚОСАЛҚЫ МӘЛІМЕТТІ ЖОҚҚА ШЫҒАРАДЫ НЕМЕСЕ ОЛ ЖӨНІНДЕ ЕШТЕҢЕ АЙТПАЙДЫ.

САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІСТІҢ ФОРМАЛАРЫ:

- ❖ САЛЫСТЫРМАЛЫ-КОНТРАСТТЫҚ ӘДІС (БІРТЕКСІЗ ОБЪЕКТИЛЕРДІҢ ТАБИҒАТЫН АШАДЫ),
- ❖ ТАРИХИ-ТИПОЛОГИЯЛЫҚ САЛЫСТЫРУ (ГЕНЕЗИСІ МЕН ДАМУЫНЫҢ БІРДЕЙ ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША ӘР ТҮРЛІ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ҰҚСАСТЫҒЫН ТҮСІНДІРЕДІ),
- ❖ ТАРИХИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ САЛЫСТЫРУ (ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ БОЙЫНША ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ҰҚСАСТЫҒЫН ТҮСІНДІРЕДІ),
- ❖ ТАРИХИ-ДИФФУЗИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ (БІР МӘДЕНИЕТТІҢ БАСҚА МӘДЕНИЕТТЕН ҚАРЫЗ АЛУ НӘТИЖЕСІНДЕ ТАРАЛАТЫН ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ) Т.Б.

САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІС ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДА, ТІЛ БІЛІМІНДЕ, МӘДЕНИЕТТАНУДА, ЭТНОГРАФИЯДА, ӘЛЕУМЕТТАНУ, АНТРОПОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ САЛАЛАРЫНДА КЕҢ ҚОЛДАНЫС ТАПТЫ.



ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІ МЕН МАСШТАБЫНА
ҚАРАЙ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ
БІРНЕШЕ ТҮРІ БОЛАДЫ:


➤ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ

➤ ҚОҒАМАРАЛЫҚ

➤ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ

➤ СОНДАЙ-АҚ МАКРОӘЛЕУМЕТТІК НЕМЕСЕ
ЖАҒАНДЫҚ САЛЫСТЫРУЛАР.

СОҢҒЫСЫНДА САЛЫСТЫРУЛАР МҮМКІН
БОЛАТЫН ЕЛДЕРДІҢ (МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ) ЕҢ
КӨП САНЫ АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ.



The background features a light gray gradient with several realistic water droplets of various sizes scattered in the corners. The droplets have highlights and shadows, giving them a three-dimensional appearance.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

ОРЫНДАҒАН: САРИЕВА П.М.